

«Бекітемін»

«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ

«№ 1 «Күншуақ» бөбекжай –
балабақшасы» МКҚК-ның
менгерушісі:

Г.Ж.Барикова

« 28 » 08 2024 жыл



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы,
Хромтау ауданының білім бөлімі» ММ
«№1 Күншуақ бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
2024-2025 оқу жылындағы «Ақбөбек» ересек тобына
арналған ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

2024-2025 оқу жылы

«Ақбөбек» Ересек тобы ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары

2024 – 2025 оқу жылы.

№	Тақырыбы	Мақсаты	Өту мерзімі	Жауаптылар
1	1-қыркүйек білім күні	Балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
2	Ата-ана жиналысы: «Жаңа оқу жылының мақсат-міндеттері және ынтымақтастық»	«Ата-анамен балабақша бірлестігі» 1. Танысу сәті психологиялық тренинг 2. Ата-аналарды жаңа оқу жылымын таныстыру 3. Ата-аналар комитетін және мүшелерін сайлау 4. Ата – аналарды балабақша ережесімен, тәртібімен таныстыру.	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
3	«Жол тәртібін жадында ұста балақай.»	Балалардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Балаларды сақтыққа тәрбиелеу.	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
4	«Кішкентай сіріңке»	Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрт қауіпсіздігін болдырмау, оттан сақтану жолдарын үйрету. Ойлау қабілетін, алғырлықтарын дамыту, ойын арқылы қимыл-қозғалыс жаттығуларына жаттықтыру.	Қыркүйек	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
5	«Қарттарын қадірлеген ел ардақты.»	Мерекелік шара. Үлкенді сыйлау, құрметтеу, көмектесу сияқты құндылықтарға тәрбиелеу.	Қазан	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
6	«Күзгі байлық» (көрме ұйымдастыру) табиғи материалдардан бұйымдар жасау.	Ата-аналармен бірігіп әртүрлі заттардан мыс: орман жаңғақтарынан, дәндерден, жапырақтардан ойыншықтар жасау. Әрбір заттың құндылықтарын көрме барысында балаларға түсініктер беру.	Қазан	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
7	«Арайлы алтын күз»	Балалардың күз мезгілі туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту.	Қазан	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
8	«Қала көшелерімен танысу.»	Балаларға өз қалаларының көшелерімен таныстыра отырып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру. Ата анамен бірлесіп «Өз қаламның көшелері» атты сурет көрмесін ұйымдастыру.	Қазан	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
9	Біз театрға барамыз	Балалардың театр туралы түсініктерін	Қараша	Топ

		қалыптастыру, қызығушылығын арттыру.		тәрбиешілері, ата-аналармен, медбике
10	«Ақшақарды безендірейік» есік алдына қардан бұйымдар жасау	Балаларға ата-аналармен бірігіп қардан ойыншықтар жасап көрсетіп, олардың жылына бір рет жауып, қандай пайдасы мен зияны барын айтып түсіндіру керек.	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен, балалар
11	«Көңілді сырғанақта» сайысы	Қыс мезгілі туралы балалардың түсінігін кеңейту, қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру, тілдерін дамыту, ой-өрісін кеңейту.	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен, балалар
12	«Бала жетістігі – отбасы мен балабақша ынтымақтастығының нәтижесі»	Ата-аналар мен педагогтер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, тәрбиеленушілердің оқу-тәрбие үдерісіндегі жетістіктерін саралау, баланың жан-жақты дамуына отбасы мен балабақшаның бірлескен ықпалын арттыру және алдағы кезеңге ортақ міндеттерді айқындау.	Қаңтар	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
13	«Өмірдегі қауіпті заттар» әңгіме	Балаларды жануарлармен қарым-қатынас жасағанда қауіпсіздік ережелерінің қарапайым түрлерін сақтай білуге үйрету. Берілген карточкадағы іс-әрекеттерді жасауға бола ма, әлде болмай ма және неліктен болмайтынын әңгімелей отырып, қауіпсіздік ережелерін бекіту.	Қаңтар	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
14	«Қыс қызықтары» ойын	Қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру, тілдерін дамыту, ой-өрісін кеңейту.	Қаңтар	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
15	«Біз жолаушымыз»	Жолда жүру ережесімен таныстырып, меңгерту және іс жүзінде жол ережесін сақтауға үйрету.	Ақпан	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
16	Ертегі «Сөйлейтін сіріңке»	Оттың тілсіз жау екенін ұқтыру. Өрт қауіпсіздігін болдырмау, оттан сақтану жолдарын үйрету.	Ақпан	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
17	Ойын «Сөзді айт»	Ойын арқылы балалардың сөздік қорын молайту.	Наурыз	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен, балалар
18	«Құттықтаймын анашым, мерекенмен.»	Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, мақал-мәтелдер арқылы анаға сүйіспеншілікпен қарау. Ананың мейірімін, махаббатын, жақсылығын	Наурыз	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен, балалар

		түсіну.		
19	«Төрлет, аз Наурыз»	Көктем айының басты мерекесі-Наурыз туралы түсінік беру. Мерекені ұжымдаса қарсы алу. Салт-дәстүрлермен таныстыру.	Наурыз	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен, балалар
20	«Кұстарға ұя салайық»	Балаларға құстарды қалай қастерлеп аялау керектігін көрсетіп, оларға қандай заттардан ұя салуға болатынын көрсетіп үйрету керек.	Сәуір	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен, балалар
21	«Отбасылық сайыс»	Салауатты өмір салтын насихаттау, спортқа деген қызығушылығын арттыру.	Сәуір	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен, балалар
22	«Өрт қауіпсіздігін сақтаңыз»	Өрт қауіпсіздігі ережесін жетік білудің маңызын ұғындыру. Өрт қауіпсіздігі ережесін қатаң сақтау арқылы түрлі жазатайым апаттың алдын алуға болатыны туралы түсінік беру.	Сәуір	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
23	Ең әдемі ойын алаңы (ата-аналармен ойын алаңын безендіру)	Балаларымыздың балабақшаға келгенде ойнайтын алаңы әдемі, көрікті болуы үшін ата-аналармен бірге әртүрлі заттармен ойыншықтардың көріністерін жасау керек.	Мамыр	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен
24	Қортынды ата-аналар жиналысы	«Оқу жылының қорытындысы: Біз не үйрендік, неге қол жеткіздік?»	Мамыр	Топ тәрбиешілері, ата-аналармен, балалар

Хаттама №1

Өткізілген күні: 12.09.2024 жыл

Қатысқаны: 15

Қатыспағаны: 5

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Танысу. Топпен, топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
2. 4-5 жас топ бағдарламасымен таныстыру.
3. Оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Келісім шартқа отыру.
5. Ата-аналар төрайымын сайлау.
6. Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар.

Тыңдалды:

1. Ата-аналар жиналысын меңгерушісі Барикова Г.Ж ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады. Балабақшаға келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі. Балаларыңыз балабақшаға қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыпт астыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Балабақшаның бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, яғни таңертеңгілік жаттығу, таңғы ас, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас, түскі ұйқы, ұйқыдан ояну, бесінді асы, ойын түрлері-барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады. Бұл топ балалары 4 жас болғандықтан, ересек тобы деп аталады яғни «Ақбөбек» ересек тобы. Тәрбиешілері: Асанова Л.М және Машарик К.Қ

Ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекетімен және күн тәртібімен таныстырады. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығы күн сайын. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру (мүсіндеу, сурет, жапсыру, құрастыру) оқу іс-әрекеттер түрлері өтіліп отырады. Мерекелік ертеңгілігіміз өтіліп отырады. Музыка ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті уақытымен жүргізіледі. Және де әр мереке сайын балаларға тақпақтар, өлеңдер, билер үйретіледі. Ата-аналарды балабақшаның келісім шартымен таныстырып, оны әр ата-анаға таратып берді. Келісім шарт балабақшаға келген күннен бастап өз күшіне енеді және де бір жылға ғана жарамды. Келісім шарттың барлық бөлігіндегі міндеттерді орындау екі жақтың да міндеті. Әр айдың 15-на дейін балаларыңыздың тамақтануына төлемақыны уақытылы төлеп қоюға міндеттісіздер дей келе, ата-анаға балаларын балабақшаға 8.00-ға дейін әкеліп, кешкі сағат 17.30-ге дейін алып кетулерін, және де баланың үстін таза етіп әкелулерін ескертті.

Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды. Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді.

Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Ата-ана комитетінің төрайымы: Жарықасым Дания

Ата-ана комитетінің мүшесі: Төлеугалиева Елнұр

Жиналыс қаулы етті:

1. Балабақша күн тәртібі қатаң сақталсын.
2. Келісім шарттың барлық шарттары орындалсын.
3. Балабақша іс шараларына әр бала уақтылы қатыссын.



Тәрбиешісі: Машарик К.Қ

Хаттама №2

Өткізілген уақыты: 12.12.2024 жыл

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 7

Бала саны: 25

Күн тәртібінде

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы балалардың кемгіліктері мен Мониторинг.
2. «Қош келдің Жаңа жыл!» мерекесі.
3. Ата-аналарға арналған тест

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын Барикова Г.Ж ашып, ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, жаңа жыл жаңа қуанышымен келуін тіледі.

Меңгеруші ата-аналарға балабақшаның күн тәртібін еске сала отырып, осы күн тәртібін қатаң түрде сақтауын өтінді. Яғни, балаларыңызды таңертеңгілік сағат 8-ға дейін алып келіп, таңғы жаттығуға қатыстыру керектігін айтты. Таңертеңгілік сағат 8-дан кешіккен баланы қабылдай алмаймыз деп ескертті, себебі әр топта 8-дан 10-20 минут кеткенде оқу іс-әрекеттері басталуы тиіс.

Топ тәрбиешісі Машарик. К.Қ топтағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті. Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айтты. Топ тәрбиешісі Машарик. К.Қ ата-аналарға қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Топ тәрбиешілері балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздарын ойласа келіп шешіп, ата-аналар комитетіне сеніммен тапсырды.

Тәрбиешілер ата-аналарға арнап тест сұрақтарын қойды. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.

Тәрбиешісі: Машарик. К.Қ

Қорытынды ата-аналар жиналысы хаттамасы №3

Өткізілген күні: 19.05.2025 жыл

Тобы: «Ақбөбек» ересек тобы

Қатысқаны: 15 ата-ана

Қатыспағаны: 5 ата-ана

Күн тәртібі:

2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша тәрбиеленушілердің жетістіктерін талдау. «Біз не үйрендік, неге қол жеткіздік?».

Балалардың оқу жылы бойындағы шығармашылық, танымдық және тәрбиелік жетістіктерімен таныстыру.

Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру және қауіпсіздік ережелері туралы түсіндіру.

Әртүрлі мәселелер.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды: Тәрбиеші оқу жылы бойы атқарылған жұмыстар туралы есеп беріп, тәрбиеленушілердің барлық білім беру салалары бойынша жетістіктеріне тоқталды.

Балалардың танымдық, сөйлеу, шығармашылық, әлеуметтік және дене дамуындағы оң нәтижелер таныстырылды.

Қаулы етілді: 2024–2025 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылып, балалардың қол жеткізген нәтижелері жоғары бағалансын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: Тәрбиеші балалардың шығармашылық жұмыстары, байқаулардағы жетістіктері мен мерекелік іс-шараларға қатысу белсенділігі туралы ақпарат берді.

Қаулы етілді: Балалардың жетістіктерін қолдау жалғастырылып, ата-аналарға үй жағдайында баланың қабілетін дамытуға жағдай жасау ұсынылсын.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды: Тәрбиеші жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың денсаулығын сақтау, күн тәртібін ұйымдастыру және қауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде түсіндірме жүргізді.

Қаулы етілді: Ата-аналар балалардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастырып, жол қозғалысы, судағы қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және күннен қорғану ережелерін қатаң сақтасын.

4-мәселе бойынша

Тыңдалды: Ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлері тыңдалып, жаңа оқу жылына қатысты тілектері айтылды.

Қаулы етілді: Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтып, жаңа оқу жылында бірлескен жұмыстарды жалғастыру туралы шешім қабылданды.

ШЕШІМІ:

2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша топта жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

Тәрбиеленушілердің жыл бойы қол жеткізген білім, білік, дағдылары мен шығармашылық жетістіктері жоғары бағалансын.

Ата-аналарға оқу жылы бойы көрсеткен қолдауы, белсенділігі және балабақшамен тығыз ынтымақтастығы үшін алғыс білдірілсін.

Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күн тәртібін сақтау, дұрыс тамақтануын ұйымдастыру және қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау ата-аналардың жауапкершілігіне жүктелсін.

Жаңа 2025–2026 оқу жылында балабақша мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты жалғастырып, балалардың жан-жақты дамуына бірлесіп жұмыс жүргізу шешімі қабылдансын.

Шешім бірауыздан қабылданды.

Жиналыс төрайымы: Асанова.Л.М.  (қолы)

Хатшы: Машарик.К.К.  (қолы)

